

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары**

2021 жылғы 2 маусымдағы
№ ДС-205 хатқа

Құрметті депутаттар!

Ішкі және сыртқы көші-қон мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қандастарға және қоныс аударушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында Үкімет тарапынан бірқатар жүйелі шаралар қабылдануда.

Атап айтқанда, қандастарға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бизнес-процестерді оңтайландыру мақсатында «бір терезе» қағидаты енгізілді.

Қандас мәртебесін алуға үміткерлердің қазақ ұлтына жататындығын айқындау қағидаларын жеңілдету бойынша заң нормаларына түзетулер әзірленуде.

Заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл, шетелдіктердің реадмиссиясы, елге келуге және кетуге виза беру, азаматтық беру мәселелерін қоспағанда, көші-қон саласындағы функцияларды Ішкі істер министрлігінен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (*бұдан әрі – Министрлік*) беру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұл ретте көші-қон саласындағы функцияларды іске асыру жөніндегі жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан көші-қон комитетін құру мәселесі қаралуда.

«Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әрбір азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес 2025 жылға дейін 80 мың қандастың, оның ішінде 2021 жылы 12 мың қандастың қайта оралуына жәрдемдесу жоспарлануда.

Осыған байланысты, сондай-ақ шетелден келетін қандастар санының ұлғаюын ескере отырып, қоныс аударушылар мен қандастарды солтүстік аймақтарға қабылдау квотасы қайта қаралатын болады.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қоныс аударуға арналған тетікті іске асыру «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (*бұдан әрі – Бағдарлама*) арқылы жүзеге асырылады.

2021 жылғы 1 маусым жағдайы бойынша биыл Бағдарлама аясында 745 отбасы (*2,4 мың адам*), солтүстік өңірлерге қоныс аударды, оның ішінде 611 отбасы қоныс аударушылар (*1,9 мың адам*) және 134 отбасы (*478 адам*) қандастар.

Тұрақты жұмыс орындарына 696 қоныс аударушы орналыстырылды, кәсіпкерлік қызметпен айналасатындар – 24 адам, гранттар алған – 11, оқуға жіберілгендер – 3 адам құрап отыр.

Солтүстік өңірлерге көшу бастамасын ынталандыру мақсатында Үкімет тарапынан жан-жақты шаралар қабылдануда.

Биыл көшуге берілетін субсидия мөлшерін екі есеге, 35 АЕК-тен 70 АЕК-ке дейін ұлғайтылды (*102,1 мың теңгеден 204,2 мың теңгеге дейін*).

Анықтама: орта есеппен көшетін отбасында 5 адам болған жағдайда – 1 млн. теңгеден аса көмек алады.

Сонымен қатар көшуге ниет білдірген азаматтар арасында ақпараттық жұмыстарын кеңейту мақсатында Enbek.kz электрондық еңбек биржасы базасында солтүстік өңірлерге қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шаралары туралы өзекті ақпарат беретін бірыңғай ақпараттық ресурс құрылды.

Жалпы алғанда, қабылданып жатқан шаралар көші-қон үрдістрін жақсартуға, еңбек нарығындағы жағдайды тұрақтандыруға, кадрлар тапшылығын төмендетуге және ауылдағы білім беру мектептерінің желісін сақтауға мүмкіндік береді.

Қандастар мен қоныс аударушыларды өңірлерде қабылдау, жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне үнемі жүйелі мониторинг жүргізілуде. Аталған мәселе Үкімет отырысында тұрақты қаралуда.

Ағымдағы жылғы мамыр айының 11-14 аралығында Министрлік тарапынан Солтүстік Қазақстан облысында сатып алынған үйлерге мониторинг жүргізілген болатын.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы мамыр айының 27-30 аралығында Солтүстік Қазақстан облысын мүдделі мемлекеттік органдардан құрылған жұмыс тобымен (*құрамы: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Қаржы министрліктері, Бас прокуратура, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өкілдері*) тексеру қайта жүргізілген.

Сатып алынған үйлерді тексеру барысында олардың сапасы бойынша кемшіліктер (*дефекттер*) тіркелді (*қысқы мезгілде пластикалық терезелер жел өткізеді, үйлерде пластикалық құбырлардан жылу тарату деформацияланған, жылыту пештерінің дәнекерленген жерлерінен су ағуы байқалады, ғимараттарды өңдеуде жарықшақтар, қабырғаларда зеңнің іздері бар*).

Сатып алынған үйлердің ішінен қоныстандырылмаған тұрғын үй бар.

Қазіргі кезде аталған кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ, тексеру нәтижесі бойынша екі аудан әкімі атқаратын қызметінен босатылды.

Еңбек ұтқырлығы бағытын жан-жақты қарастыру мақсатында 25 маусымда Үкіметте отырыс өткізілген болатын.

Отырыс нәтижесі бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қаржы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері және қабылдау өңірлерімен бірлесіп қоныс аударудың проблемалық мәселелеріне кешенді тексеріс жүргізіп, қорытындысы бойынша бағдарлама тетіктерін жетілдіру бойынша тамыз айына дейін нақты ұсыныстар әзірлейтін болады.

Қазіргі таңда, жаһандық көші-қон үрдісін ескере отырып, 2022-2026 жылдарға арналған Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде. Аталған тұжырымдама аясында ішкі және сыртқы көші-қон үрдістерін реттеу, қандастарды тарихи отанына оралуын ынталандыру және Қазақстан қоғамына бейімдеу, сонымен қатар шет елдерде жұмыс атқаратын қазақстандықтардың құқығын қорғау және тағы басқа мәселелер қарастырылады.

Ал ішкі көші-қон процесін ынталандыру тетігі көзделген «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ұлттық жоба ретінде қайта жасақталуда.

Елдегі көші-қон және демографиялық процестерді тұрақтандыру, сондай-ақ қандастар мен қоныс аударушылардың құқықтарын сақтау мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов